

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақылары мен тарифтік мөлшерлемелерін кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 77 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 мамырда № 6382 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 27 маусымдағы № 92 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 27.06.2018 № 92 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 139-бабының 9-тармағына сәйкес, Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақылары мен тарифтік мөлшерлемелерін кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі, осы қаулының қосымшасына с ә й к е с а й қ ы н д а л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау экономика, қаржы, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және құрылыс мәселері жөніндегі Қарасу ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қарасу ауданының әкімі

А. Шәмшиев

Қ а р а с у а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң х а т ш ы с ы

С. Қазиев

14 сәуір 2016 жыл

Өкімдіктің
2016 жылғы 14 сәуірдегі
№ 77 қаулысына қосымша

Аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақылары мен тарифтік мөлшерлемелерін кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

- 1) аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;
- 2) жұмыспен қамту орталығының маманы;
- 3) күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 4) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;

2. Білім беру мамандарының лауазымдары:

- 1) барлық мамандықты мұғалімдер;
- 2) мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшысының орынбасары;
- 3) мектепке дейінгі білім беру мекемесінің мемлекеттік мекемесі және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 4) мұғалім - дефектолог;
- 5) логопед, мұғалім - логопед;
- 6) әлеуметтік педагог;
- 7) ұйымдастырушы- педагог;
- 8) қосымша білім беретін педагог;
- 9) педагог-психолог, психолог;
- 10) тәрбиелеуші, тәрбиелеуші -ана;
- 11) музыкалық жетекші;
- 12) тәлімгер;
- 13) дене тәрбиесі нұсқаушысы;
- 14) зертханашы;
- 15) әдістемелік кабинеттің басшысы, әдіскер;
- 16) мейірбике;
- 17) емдәмдік мейірбике;
- 18) хореограф;
- 19) кітапханашы;
- 20) кітапхананың меңгерушісі;
- 21) бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы -оқытушы.

3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

- 1) мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның

б а с ш ы с ы ;

2) мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
б а с ш ы с ы н ы ң о р ы н б а с а р ы ;

3) көркемдік жетекшісі;

4) с у р е т ш і ;

5) барлық атаудағы техниктер;

6) к і т а п х а н а ш ы ;

7) б и б л и о г р а ф ;

8) мәдени ұйымдастырушы;

9) а к к о м п а н и а т о р ;

10) х о р е о г р а ф ;

11) ә д і с к е р .

4. Спорт мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы;

2) мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорын басшысының

о р ы н б а с а р ы ;

3) ж а т т ы қ т ы р у ш ы ;

4) ә д і с к е р .

5. Ветеринария мамандарының лауазымдары:

1) ветеринариялық дәрігер;

2) ветеринариялық фельдшер.